

## Аса маңызды азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 12 желтоқсандағы N 1623 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

***Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.***

Аса маңызды азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру және сауда рыноктарында бәсекелестіктің дамуына септесу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін қоспағанда, орталық және жергілікті атқарушы әрі өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының халықаралық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарында көлік құралдарын тоқтату, оларды тексеріп қарау не жүргізушілердің көліктік, санитарлық, экологиялық және заңнамамен көзделген өзге де нормативтер мен талаптарды сактауын тексеру жөнінде өкілеттіктер берілген жылжымалы бекеттердің жойылуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) бақылаушы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызмет өкілеттіктерін жүк тасымалдаушыларға қатысты асыра пайдалану фактілерінің жолын кесу жөнінде                   рейдтер                   жүргізсін;

2) мемлекеттік органдардың рыноктарда заңнамалық кесімдерде көзделмеген алымдар мен төлемдер алу фактілерінің жолын кесуді қамтамасыз етсін;

3) бақылаушы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің рыноктардағы заңсыз іс-әрекеттерін анықтау мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп азаматтар үшін "сенім" телефондарын ұйымдастырысын;

4) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік органдар қызметкерлерінің анықталған заңсыз іс-әрекеттері фактілерін жариялауды қамтамасыз етсін.

2-1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер, Көлік және коммуникациялар, Денсаулық сактау Ауыл шаруашылығы министрліктері белгіленген үлгідегі, оның ішінде автокөлік құралдарының параметрлерін, өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін растайтын, тауардың шығу тегі туралы куәландыратын және тиісті

үәкілетті органдар берген несие құжаттары болған кезде, азық-түлік тауарларын, оның ішінде жеміс-көкөніс өнімін тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдарына Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль жолдарында жеке және занды тұлғалар кідіріс туғызатын заңсыз іс-әрекеттерді жоюды қамтамасыз етсін. <\*>

*Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 523 қаулысымен.*

3 . < \* >

*Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 523 қаулысымен.*

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда, Әділет және Денсаулық сақтау министрліктері, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесі қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының аумағында сауда рыноктарының қызметін тәртіпке келтіруді көздейтін нормативтік құқықтық кесім әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен: <\*>

1) ұстем (монополиялық) жағдайға ие болып отырған сауда рыноктарын анықтау және реттеу жөнінде шараптар қабылдасын;

2) ұстем (монополиялық) жағдайға ие болып отырған сауда рыноктары көрсететін қызметтер бағаларына мемлекеттік реттеу енгізуі қамтамасыз етсін;

3) Ішкі істер, Әділет, Мемлекеттік кіріс министрліктерімен, Қаржы полициясы агенттігімен бірлесіп рынок субъектілері арасында кез келген нысанда қол жеткізілген өзінің нәтижесі тауарларды сату кезінде бәсекелестікті шектеу болатын тұтынушылардың құқықтары мен занды мүдделерін бұзатын келісімдерді анықтау жөнінде көрсетілген органдардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы нормативтік құқықтық кесім әзірлесін және бекітсін.

*Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 523 қаулысымен.*

6. Ауыл шаруашылығы және Денсаулық сақтау министрліктері сауда рыноктарында санитарлық және ветеринарлық нормалардың орындалуын бақылауды қүшайтсін.

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) азық-түлік тауарларын сақтау мен сатуға арналған қоймаларды және мамандандырылған сауда рыноктарын салуға және қайта жаңартуға инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасасын;

2) облыстар орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында азық-түлік және ауыл шаруашылығы тауарларын сатып алу әрі сату жөніндегі коммуналдық сауда рыноктары мен коммуналдық сауда-сатып алу ұйымдарын құру және

олардың қызметі үшін қажетті шараларды қабылдасын;

3) мал шаруашылығы және егіс өнімдерін сату жөніндегі ауыл шаруашылығы жәрменкелерін өткізуді тұрақты негізде ұйымдастырысын;

4) ай сайын жүргізілетін мониторингтің нәтижелері негізінде негізсіз өсуі анықталған жағдайда аса маңызды азық-түлік тауарларына (қосымшаға сәйкес) бағаларды төмендетуге бағытталған шараларды қабылдасын;

5) сауда рыноктарында тауарлар сатумен айналысатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағы бойынша автомобиль жолдарындағы бақылау-өткізу бекеттері арқылы тауар өткізетін кәсіпкерлердің өз қызметін жүзеге асыру кезінде құқықтары сақталуын қамтамасыз етсін.<\*>

6) сауда-сатып алу ұйымдарымен бірлесіп, облыстық, аудандық орталықтар мен қалалардың сауда рыноктарына жеткізу үшін ауылдық жерлерден азық-түлік тауарларын сатып алууды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырысын; <\*>

7) өнірлер кәсіпкерлерінің пікірін ескере отырып, олардың тез бұзылатын азық-түлік тауарларды, оның ішінде жеміс-көкөніс өнімін тасымалдауға арналған тоқазытқыш қондырығыларымен жабдықталған арнайы автомобильдерді лизингтік негізде сатып алу сызбасын әзірлесін және енгізсін; <\*>

#### 8 ) м ы н а д а й :

сауда қызметі, жеке кәсіпкерлердің қызметі саласындағы проблемалық мәселелерді, оның ішінде базарлар мен басқа сауда нұктелерінде тұтынушылар мен сатушылар арасында туындастын әртүрлі жағдайларды жергілікті теледидар арналары мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдары бойынша баяндау;

бұқаралық ақпарат құралдарында азық-түлік тауарларының түсіні, болуы, бағалары және сатылу орындары туралы жарнамалық және ақпараттық материалдары жариялау ;

Казақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сауда рыноктары иемденген жер телімдерін жалға беру мерзімдерін ұзақ кезеңге ұзарту, жұмыс істеп тұрған сауда рыноктары иемденген және жаңа базарлардың құрылышына арналған жер телімдерін тараптардың (кәсіпкерлер мен әкімдіктің) келісімі бойынша сатуды жүзеге асыру;

шаруашылық субъектілері - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге Қазақстан Республикасы мемлекеттік санитарлық бас дәрігерінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі N 38 бүйрекшімен бекітілген "Азық-түлік базарларының құрылымына, оларды ұстауға және пайдалануға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар" санитарлық ережелері мен нормаларының талаптарына сәйкес тұтынушылар үшін қол жетімді жерде орналасқан, азық-түлік тауарларын, оның ішінде жүк автомобильдерінен сатуға арналған, тұрақты негізде жұмыс істейтін мамандандырылған аландарды беру;

азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы өнімін жеткізуді жүзеге

асыратын жүк автомобильдерінің жүргізушилеріне тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағына кіру кезінде сыйбалар-жол көрсеткіштер немесе азық-тұлік тауарлары мен ауыл шаруашылығы өнімі қамбаларының, қоймаларының және өзге сақтау пункттерінің, оларды көтерме сату-сатып алудың болуы туралы ақпараттық буклеттер беру мүмкіндіктерін қарастырын. <\*>

*Ескерту. 7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 523 қаулысымен.*

7-1. Бір ай мерзімде Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстарының және Астана қаласының әкімдері басқа облыстардың және Алматы қаласының әкімдерімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігінің сауда саласындағы аумақтық бөлімшелерін тарта отырып, азық-тұлік тауарларын, оның ішінде жеміс-көкөніс өнімін тікелей жеткізу жөнінде шарттар жасасу үшін кәсіпкерлер арасында кездесулер үй мадастырын. <\*>

*Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2003.06.03. N 523 қаулысымен.*

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.К.Мәсімовке жүктелсін.

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1623 қаулысына қосымша

**Міндетті мониторингке жататын аса маңызды азық-тұлік тауарларының тізбесі**

1 .	Б и д а й	н а н ы	( 1	с о р т )
2 .	Ұ н		( 1	с о р т )
3 .	Ш ә й		( 1	с о р т )
4 .			С ү т	
5 .			Е т	
6 .	К ұ с		е т і	
7 .			К а н т	
8 .			Т ұ з	
9 .	С а р ы		м а й	
1 0 .	Ө с і м д і к		м а й ы	
1 1 .		М а р г а р и н		
1 2 .		К а р т о п		
1 3 .		П и я з		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК